



# Ақмешіт

5 мамыр сәрсенбі  
№35 (1737)  
2021 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы



### КӘСІПКЕРЛІК: карантин шектегенмен қолдау шектелмейді

Пандемия мен елдегі шектеу шараларының әсерінен шағын және орта кәсіпке қолдау көрсету бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Әлемді жайлаған індет салдарынан тұралаған кәсіпкерлік саласына қолдау қандай? Ел экономикасын алға сүйрейтін негізгі күш саналатын кәсіпкерлік қарқынын қалай жеделдеміз?

Мәліметтерге сүйенсек, биыл шағын және орта бизнесті жеңілдікпен несиелендіру жұмыстары жалғасуда. Осы жылдың бірінші тоқсанында 663 млрд теңге сомасына 16 мыңнан астам жоба жеңілдетілген қаржыландыру қолдауына ие болған. Жыл қорытындысы бойынша 2,5 трлн теңгеге жеңілдетілген несиелендіру жұмыстары астам жоба қамтамасыз етіледі. Экономиканың зардап шеккен секторларындағы шағын және орта бизнес кредиттерін қайта қаржыландыру шеңберінде қолдау көрсетілуде. 2020 жылғы 15 наурыз бен 2021 жылғы 15 наурыз аралығында 475 млрд теңге сомасына 9 мыңға жуық жобаны қайта қаржыландыру үшін субсидиялар берілді. Биыл аталған тізбе 145 экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіне кеңейтілді. Кеңейтілген тізбе бойынша субсидиялар 132 млрд теңге кредиттік портфель сомасына 2 мың жоба бойынша төленеді.

«Осы жылдың 1 сәуірінде Мемлекет басшысы экономиканың зардап шеккен секторларында несиелерді жеңілдетілген түрде қайта қаржыландыру мерзімін 1 шілдеге дейін ұзартуды тапсырды. Осы жұмыс аясында 93 экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші анықталды. 425,5 млрд теңге несиелендіру сомасына 6,7 мыңнан астам жобаны қамту жоспарлануда», — деді Үкімет отырысында Ұлттық экономика министрі Ә.Біржанұлы.

Осы жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша «Бизнестің жол картасы 2025» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары шеңберінде кредиттің 232 млрд теңге жалпы сомасына 5884 жоба субсидияланды. 87 млрд теңге несиелендіру сомасына 6892 жоба бойынша кепілдік берілді. Аграрлық несиелендіру корпорациясы аясында 5,9 млрд теңге несиелендіру сомасына 134 жобаға қолдау көрсетілді. Өткен жылы «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында бизнесті микрокредиттеудің жаңа бағыты басталды. Осы бағыт шеңберінде айналым қаражатына 5 млн-ға дейін және инвестициялық максаттарға 20 млн теңгеге дейін несиелер беріледі. Бұл ретте, 5 млн теңгеге дейінгі қарыздардың басым бөлігі соңғы қарыз алушы үшін 6 процент мөлшерлемесі бойынша кепілсіз негізде беріледі. «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде қалаларда және ауылдарда бюджеттік микрокредиттер «Ауыл шаруашылығын қаржыландыру қоры» арқылы жылдық 6 процентпен беріледі. Екінші жартыжылдықта «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы шеңберінде шағын несиелендіру іске қосылды. Бұл микрокредиттер «Бастау Бизнес» түлектеріне «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен құрылатын микроқаржы ұйымы арқылы берілетін болады. Жыл қорытындысы бойынша аталған бағдарламалар шеңберінде 24 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектілерін шағын несиелендірумен қамту жоспарлануда. «Бизнестің жол картасы 2025» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары шеңберінде сый-ақы мөлшерлемесін субсидиялау және Шағын және орта бизнес кредиттерін кепілдендіру түрінде қолдау шаралары көрсетілді. Бұл бағдарламалар бойынша кәсіпкерлер үшін несиелендіру төмендетіліп 6% құрады. Өткен жылы «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы аясында несиелендіру көлемі 7 млрд теңгеге дейін субсидиялау мерзімі 5 жылға дейін ұлғайтылды. «Қарапайым заттар экономикасы» бойынша несиелендіру шектелмеген, ал субсидиялау мерзімі 10 жылды құрайды.

Бұдан басқа, 2020 жылы «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасы бойынша салалық шектеулер алынып тасталды, ал «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер тізбесі 150 экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеуіне дейін ұлғайтылды. Пандемия салдарынан ескере отырып, Үкімет бизнесті салықтық ынталандырудың бірқатар шараларын қабылдады, атап айтқанда: 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап арнаулы салық режимдерін қолданатын шағын және микро кәсіпкерлік нысандарын табыс салығынан 3 жылға босату қолданылды. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап, қызмет көрсету салаларында алынған табыстың 3% мөлшерлемесімен бөлшек салықтың жаңа арнайы режимі енгізілді. 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап 1 шілдесіне дейін зардап шеккен салаларда еңбекақы төлеу қорынан салықтарды төлеуді кейінге қалдыру жеңілдігі жасалатын болды.

«Ақмешіт-ақпарат»

### АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төрінде тұрсын!  
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыз: 40-05-81, 70-14-08

### МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні Сыр елі үшін жағымды жаңалықпен есте қалды. Мереке қарсаңында Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазанғаев баспанасы апатты жағдайда тұрған 20 қызылордалық отбасыға жаңа пәтердің кілтін табыстады. Шараға шаһар басшысымен қатар мемлекет және қоғам қайраткерлері Бакберген Досманбетов, Қожахмет Баймаханов қатысып, тұрғындар қуанышына ортақтасты.



## ТҰРҒЫНДАР ҚУАНЫШЫ

Қала әкімі пәтер иелерін Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен және жаңа қоныстарымен құттықтап, қаланың құрылыс қарқынына баға бере кетті. Шаһар басшысы биыл облыс орталығында 1500-ге жуық тұрғын баспаналы болатынын жеткізді.

Жалпы Қызылорда қаласы бойынша 24 810 азамат үй кезегінде тұрса, оның ішінде баспанасы апатты жағдайда тұрған 234 отбасы бар. Биыл 121 отбасыны тұрғын үймен қамту жоспарлап отырмыз. Қалған 113 жаңа келер жылы қоныс тойын тойлайтын болады. Осылайша апатты үйдегі кезекте тұрған азаматтардың мәселесі екі жыл көлемінде толық шешіледі, — деді қала басшысы.

Айта кетейік, биыл Сырдария өзенінің сол жағалауында арендалық 680 пәтерлік 14 тұрғын үй және жеке инвестордың өз қаражаты есебінен салынып жатқан 38 пәтерлік 1 үйді пайдалануға беру жоспарлануда. Сонымен қатар өткен жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында құрылысы басталған

СПМК-70 мөлтек ауданындағы 640 пәтерлік 13 тұрғын үй де пайдалануға берілетін болады.

— Өзім көпбалалы анамын. 2019 жылы үй кезегіне тіркеліп, екі жылда жаңа баспанамға ие болдым. Бүгін, міне, біз үшін қос мереке қатар келіп, үлкен қуанышқа кенеліп отырмыз, — деді мереке қарсаңында жаңа пәтер иесі атанған Ақтоғай Өтегенова.

Жаңа қонысқа ие болған Вилия Шерноте болса, бүгінгі қуанышына себепші болған қала басшылығы мен Сыр құрылысшыларына өзінің алғашқы алғысын айтып, барша қазақстандықтарды мерекелем құттықтады.

Жыны соңында баспаналы болған тұрғындарға Қызылорда қаласының құрметті азаматы Бакберген Досманбетов бата беріп, қоныс иелері қала әкімімен бірге «Табиғат – менің өз үйім» атты экологиялық акциясы аясында тал көшеттерін отырғызды.

«Ақмешіт-ақпарат»

### ҚОЛДАУ

## ЖЕР БЕРДІ, ЕҢБЕК ЕТ!

Әлемдік ахуалдың күрделенуі азық-түлік бағасының қымбаттауына ықпал еткені белгілі. Оған қоса еларалық шекарадағы тежеу мен карантиндік шектеулер маусымдық өнімдерді, яғни жеміс-жидек, көкөніс, бақша дақылдарының жетіспеушілігін тудырып, ел экономикасына теріс әсер етті. Бұл – өткен жылғы тәжірибе. Ал биыл аталған қиындықтың алдын алу мақсатында азық-түлік өнімін өндіру ісіне оңтайландыру, қор жасақтау, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары қолға алынған. Тіпті облыс, аудан орталықтары мен қалаларда тұрғындардың қажетті ауыл шаруашылығы өнімін өндiруiне жағдай жасауда. Шаһар маңына жылжымай салу, ауыл шаруашылығы кәсібіне демеу көрсетіп, жаз айында халықтың тарықпауына күш салау жоспарланған.



Осындай жүйелі жұмыстың бірі Қызылорда қаласында бастау алды. Шаһарға қарасты Қарауылтөбе ауылдық округінде қала тұрғындарының маусымдық кезеңде картоп, көкөніс және бақша дақылдарын егуі үшін 10 гектар көлемінде егістік жер бөлінген. Сәйкесінше, әрбір отбасы 10 соттық көлемінде жерді уақытша еншілеп, өздерін картоп, көкөніс және бақша өнімдерімен қамтамасыз етуіне толық мүмкіндік алады.

Әлеуметтік желіде «Қалаға қарасты ауылдан бақша дақылын егуге уақытша 10 соттық жер беріледі» деген ақпарат тараған сәтте көптең көкейінде біршама сауал пайда болды. Ондағысы, «Жерді қай уақытқа дейін береді?», «Егін егуге жағдай жасалған ба?», «Суды қайдан аламыз?», «Өнімді өзiмiзде қалдырамыз ба, әлде мiндеттi түрде сату қажет пе?» деген сұрақтар еді. Қалалық ауыл шаруашылығы

бөліміне хабарласып, мамандардан мән-жайды нақтылау барысында барлық сауалға жауап алып, көкейдегі түйін тарқағандай болды.

— Уақытша бақшалық жер берудің мерзімі өнімге байланысты. Яғни, өнімді күзде жинап, егін маусымы аяқталған кезде, жер де кері қайтарылды. Ал маусымдық егін барысында өнім аз беріп немесе түк нәтиже шықпаса, азаматтар ешқандай жауапкершілік арқаламайды. Сондай-ақ жерді алған отбасы шыққан өнімді тұрмыста пайдалана ма, әлде сатқысы келе ме, оны өздері шешеді, — деді қалалық ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкері Нұрбала Қали.

Жауапты мамандар Қарауылтөбе ауылында бақша дақылдарын егуге қолайлы жағдай жасалғанын айтуда. Егісті суару үшін бақшалық аймаққа ауыз су да жеткізіліпті. Содан бөлар, биыл жерді уақытша алуға ықылас білдірген

азаматтар саны да едәуір артқан. Мысалы, 26 сәуір күні ынта білдірген 38 қала тұрғынының әрқайсысына Қарауылтөбе ауылдық округінен 10 соттықтан жер берілген. Ары қарай тұрғындар бақша дақылдарын егу, күтіп-баптау жұмысын жасау арқылы өздерін көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз етуге қамдануда.

— Әлеуметтік желіден бақша дақылын егуге уақытша жер берілетіні туралы жарнаманы көзіміз шалып, Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөліміне хабарластық. Мақсатым көкөніс, бақша дақылын егіп, отбасымды қамтамасыз ету болатын. Мамандар тиісті ақпараттармен бөлісіп, қажетті құжатты өткізуді сұрады. Осылайша бақша дақылын егуге уақытша жер алуға қол жеткіздім. Қазіргі таңда бақша дақылдарының қандай түрін егу керектігін, дақыл дәнін таңдау секілді кезеңді атқарудамын. Күз мезгілінде мол өнім алып, артықса сатып, пайда табу да ойымда бар, — деді уақытша жерді еншілеген Айбек Мұсабаев.

Мекеме маманының сөзінше, бақшалық егін егуге ынта білдірген қала тұрғындарына әлі де мүмкіндік бар. Өтінімдерді қабылдау уақыты егін егу маусымы аяқталғанша жалғасатын болады. Әрі қажетті құжат саны да көп емес. Сондықтан уақытша 10 соттық бақшалық жерді алуға құлшыған азаматтар саны күннен-күнге көбеюде екен.

— Өтінімдерді қабылдау жалғасуда. Тұрғындар өтінім беру үшін қалалық ауыл шаруашылығы бөліміне хабарласып, тиісті ақпараттарды нақтылап, құжат өткізсе жеткілікті. Алайда ескеру қажет, егістік жер көкөніс және бақша дақылдарын егу мақсатында ғана маусымдық кезеңге уақытша беріледі, — деді Нұрбала Нұрділқоқы.

Әлемдік алып қалалар мен халық саны миллионнан асып жығылатын шаһарлар өзіндік автономды инфрақұрылым, сервистік қызмет, экономикалық ерекшелік тұрғысында біршама жетістікке жеткен. Соның ішінде ең маңыздысы, қала тұрғындарының өз-өзін табиғи азық-түлікпен қамтамасыз етуін қалағалау екені анық. Жыл сайын тұрғыны артқан Қызылорда қаласы да сырттан келер өнімді азайтып, өз-өзін азық-түлік, бақша дақылдарымен қамти алар жолға түскен секілді.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

## БАР ҚАЗАҚТЫ БІРІКТІРГЕН ИГІ ҚАДАМ

Тәуелсіздігімізді алып, егемендігімізді еншілегенімізге жыл толған кезде Алматы қаласында дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткен еді. Небір нәубетті оқиғаларды бастан өткізіп, әлемнің түкпір-түкпірінде тарыдай шашылып жүрген қандастарымызды біріктіруде, армандарын бір арнаға тоғыстыруда, ұлтты ынтимаққа ұйыстыруда, бірлігін нығайтуда бұл шараның септігі көп тиді. Мұны сол 1992 жылғы алғашқы құрылтайдың нәтижелерінен-ақ көруге болады.



Тәуелсіздік алғалы бері дүниежүзі қазақтарының құрылтайы 5 рет өткізілген. Тәуелсіз Қазақстанның жылнамасына үнілсек, 1992 жылы 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Алматыда дүниежүзі қазақтарының өкілдері қатысқан алғашқы құрылтай өткен. Статистикалық мәліметтерде құрылтай қарсаңында қазақ ұлтының саны 10 млн 537 мыңға жеткен деген дерек бар. Мен қазақтың деген әрбір азаматтың арманын бір арнаға тоғыстырған келеді жаныңа ТМД елдерінен 350 адам және көптеген шет елден делегаттар қатысты. Құрылтайға қатысушылар Түркістан, Жезқазған, Ұлытау сияқты еліміздің ежелгі саяси-әлеуметтік, мәдени орталықтарында болып, атажұртымын қауышты.

Айтулы шарада Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы: «Құшағымыз бауырларға айқара ашық» деп бүкіл әлемдегі қазақтарды өздерінің тарихи Отанына, бабаларының қаны тамған атамекеніне көшіп келуге шақырды. Араға жыл салып елімізге Моңғолиядан, Түркиядан, Ираннан және ТМД елдерінен 7,5 мың қазақ отбасы көшіп келді. Ұлы көш әлі күнге дейін тоқтаған емес. Ал 1991 жылдан 2014 жылдың 1 қазанына дейінгі аралықта Қазақстанға қоныс аударған қазақ отбасыларының саны 258786-ға жеткен.

Дүниежүзі қазақтарының 2-ші құрылтайы 2002 жылдың күзінде Түркістан қаласында өтіп, онда тарихи Отанына оралуы аңсап жүрген қандастар мәселесі әңгіме арқауына айналды. Түркі халықтарының рухани астанасы саналатын Түркістандағы құрылтайға алыс және жақын 32 шет мемлекеттен 400-ден астам өкіл қатысты. Бұл құрылтайда қандастардың елге оралу мәселесі қаралып, көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайту жоспары қарастырылды.

Ел тарихындағы айтулы оқиғаның бірі саналатын 3-ші құрылтай 2005 жылы 27-28 қыркүйекте елордада өткізілді. Құрылтайға алыс және жақын 32 шет мемлекеттен, соның ішінде Ресей, Қытай, Аустрия, Чехия, Норвегия, Италия, Сингапур, Мисырдан 300-ден аса өкіл, сондай-ақ еліміз бойынша 200-ден астам адам қатысты. Құрылтайда шетелде тұратын қазақтарды Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқыту үшін жағдай жасау, сондай-ақ тарихи Отанына инвестициялар орналастыру мүмкіндіктері секілді мәселелер талқыланды.

Ал 4-құрылтай 2011 жылдың 25-27 мамыры аралығында елордада өтіп, алқалы жанына 35 таяу елден алыс шет елден, еліміздің барлық аймағынан 700-ден астам қонақ қатысқан болатын.

Төрткүл дүние көз тіккен «ЭКСПО-2017» көрмесі елордада өтер шақта әлемдегі бар қазақтың басын қосқан 5-құрылтай өтті. Бұл құрылтайға әлемнің 38 елінен өкілдер ат басын бұрды. Құрылтай аясында «Халифа Алтай және тарихтың оралуы» атты халықаралық конференция өткізіліп, делегаттар үшін елорданың көрікті жерлеріне, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне, «Этно-ауыл» кешеніне саяхаттар ұйымдастырылды. Сонымен бірге бірқатар министрліктерде дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіліп, келеді мәселелер ортаға салынды.

Қазақ баласы үшін құрылтай ерекше маңызға ие. Өйткені дәл осы жиында әлемнің әр қиырында жүрген бауырлардың тағдыры, ертеңі сыйды мәселелер күн тәртібіне қойылады. Әлемнің әр қиырында жүрсе де тұған топырақтың, атажұртың өсіп-өркендеуіне тілекші қандастар қашанда тарихи Отанына табан тіреуге асығалы. Ұланғайыр даланы ғасырлар мекендеген ұлы халықтың ұландары осылайша әрбір ағайынды қушағына басуға мүмкіндік алды.

Ә.ЖҰМАДИЛДӨУЛЫ

## ■ ДЕПУТАТ МІНБЕРІ



**VII шақырылымдағы қалалық мәслихат депутаттарының арасындағы жаңа есімнің бірі – Гүлшат Мұсаева. Біз үшін жаңа есім болғанмен, Гүлшат Исақызы үшін ел аманатын арқалау алғаш рет емес екен. 19 жасында еңбекші жастар өкілі ретінде ауылдық кеңестің депутаты болған ол араға 30 жыл салып, тағы да депутаттық жауапкершілікті арқалады. Әрине, екі түрлі жүйе. Одан бері уақыт алмасты, заман өзгерді. Дегенмен ел аманатын арқалау, халық алдындағы жауапкершілік, депутаттың беделі биіктей түспесе аласарған жоқ. Халық қалаулысымен сұхбатымыз үш ай ішіндегі жұмыс барысы жайына арналды.**

**Гүлшат МҰСАЕВА, қалалық мәслихат депутаты:**

## КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІМІ ҚАРАПАЙЫМ БОЛУЫ МҮМКІН

– Гүлшат Исақызы, қалалық мәслихаттағы жаңа есімдердің бірі болғаныңызбен, бұған дейін де депутаттық тәжірибенің бар екен. Демек, тәжірибенің пайдаланып, білек сыбана іске кіріскен боларсыз. Депутат ретінде қандай мәселені шешуді қолға алыңыз?

– Иә, Кеңес одағы тұсында еңбекші жастардың арасынан бірнеше мәрте ауылдық кеңестің депутаты, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің мүшесі болып сайландым. Халық қалаулысының жауапкершілік жүгін жастайымнан сезінгендіктен депутат арқалаған жүктің жеңіл болмасын жақсы білемін. Әрине, бұл жолғы депутаттықтың жөні бөлек. Тәуелсіз елде өмір сүру және халықтың игілігіне қызмет ету – әрбір азамат үшін мәртебе деп білемін. Елімнің патриоты ретінде маған әсері ерекше екенін жасырмаймын.

Депутаттық жұмысты алдымен аумақтық бөлініс бойынша бекітілген қалаға қарасты Қызылжарма ауылдық округінің жағдайымен танысудан бастадым. Ауылдың тыныс-тіршілігімен таныс емес едім. Сол себепті арнайылап барып, ауыл өкімімен бірге ауылды аралап, ұжымдармен, халықпен кездестім. Ауылдың өзекті мәселелерін анықтауға, оның шешу жолдарын саралауға кірістім. Менің жұмыс барысыңдағы ұстанымым – «сауығудың жолы – дұрыс диагноз қою». Яғни проблеманы шешу үшін ең әуелі оның бар екенін мойындау, себебін анықтау және салдарын зерделеу шарт. Ауылдың басты проблемасы – тұрғындардың өз бетінше құрылыс жүргізуі. Мұндағы халықтың саны ресми статистика мәліметі бойынша 8003 адамды құрайды дегенмен, шын мәнінде 15 мыңға жуықтайды. Осыдан-ақ мәселенің мән-жайы бағамдай беріңіз. Ауылға көшіп келіп, инфрақұрылымы жасалмаған жер алған қаншама отбасы өз бетінше құрылыс жүргізген. Әркім өздігінен жарық желілерін тартып, су кіргізген, шамасы жеткендері жолдың нобайын салған. Инфрақұрылым жүргізу – ауылдың қазіргі таңдағы көкейкесті мәселесі. Ауылдың өзге де мәселелерін жинақтап, саралап, депутаттық сауал жолдап, әріптестермен ақылдаса отырып, ұтымды шешу жолдарын қарастырамын. Мұның барлығы депутат ретінде аттандап айтумен емес, салмақты негіздемеге сүйене отырып, жан-жақты зерделеумен шешілетін жақсы түсінімін.

– Сайлауға дейінгі уәде. Яғни сайлауалды бағдарламаңызда нендей мәселеге басымдық бердіңіз?

– Сайлауалды бағдарламада негізгі үш бағыт қамтылды: ұлт тәрбиесі, әлеуметтік сала және экономика. Үгіт-насихат жұмысымен халықпен кездесуде бағдарламаға арқа болған сол үш бағыт бойынша әрбір мәселені ашып көрсетіп, оның шешу жолдарын да ұсындым. Мысалы, ұлт тәрбиесі бойынша отбасы институтын қолдауға басымдық бердім. Себебі елдің тұтастығы, азаматтардың бақыты болуы, мемлекеттің келешегі ең әуелі әрбір отбасының жағдайымен, ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты. Отбасы жағдайын жақсарту, ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселенің шешу жолдарын атадым. Атап айтқанда, отбасы тәрбиесін нықтау, мұқтаз отбасыларға көмек көрсету бойынша өңірлік бағдарламаларды жетілдіру, Текті қыздар мектебін ашу; «Отбасылық бюджет», «Отбасылық бизнес» бойынша әдістемелік көмек көрсету, қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін салт-дәстүр, отбасылық және рухани құндылықтардың сақталуына ықпал ету.

– «Текті қыздар мектебі» деген елге еткіздіктеріңіз екен...

– Бұл дамыған елдер тәжірибесінде кездеседі. Қазығұста қанында бар қасиет. Тәрбиелі, текті болу – нағыз қазақтың болмысы. Қазат ұрпақты ұш-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген: ұят болады, жаман болады, обал болады. Біз қазір тектілік дегенді материалдық жағдаймен шатастырып алып жүрміз. Тектілік дүниемен өлшенбейді. Ол адам бойындағы асыл қасиеттердің, парасаттылықтың үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен беріледі. Омар Жәлелдің бір сұхбатында: «Білмділігіне таң қалып, тектілігіне тәңгі боласын» деген сөзі жүрегіме ұялады. Тектілікті бойына барынша сіңірген интелектуалды, инабатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу – парызымыз.

– Сондай-ақ бағдарламаңызда атап көрсеткен отбасы бюджетін жоспарлауға көмек көрсету бүгінгі күннің өзекті



мәселесі екені сөзсіз. Әрбір отбасы үшін шағын мемлекеттің бюджетін жоспарлау қаншалықты маңызды? Несиенен-несиеге күн кешу жағдайы неге белең алды?

– Бүгінде бұқараның күйі анық. Несиенен несиеге жалғасқан тіршілік. Таусылмайтын қарыз. Бұл – отбасылық бюджетті дұрыс жоспарлай білмеудің салдары. Негізгі отбасылық бюджетті ғана емес, отбасын да жоспарлау – заман талабы. Менің бұл пікірім кейбіреулерге ұнамауы да мүмкін. Бірақ бүгінгі күннің шындығы, мойындауымыз керек.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғалымдарымен бірлесіп «Отбасылық бизнес – халықтың әл-ауқатын арттырудың инновациялық тәсілі» атты үш жылдық



ғылыми жобаны орындадық. Аудандарға, ауылдарға барып, тұрғындармен кездесіп, әдістемелік көмектер бердік. Осы тәжірибеміз сүйене отырып, халықтың экономикалық сауатын арттыру мақсатында отбасы бюджетін жоспарлау бойынша әдістемелік көмек көрсету келешекте ойымда бар.

– Қалалық мәслихатта әлеуметтік, құқық және жастар саясаты мәселесі комиссиясының мүшесі екенсіз. Жұмыс нәтижесі қалай? 100 күн ішінде комиссия нендей мәселені қолға алды?

– Жұмыс жоспарына сай бүгінгі күнге дейін комиссияның 3 отырысы өтіп, бірнеше мәселе қаралды. Атап айтқанда халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар; санаторлық балабақшалардың жұмыстары; қалада бұқаралық спортты дамытудың барысы. Аталған мәселелер бойынша зерттеу-талдау жасалды, проблемалар анықталды, тиісті орындарға ұсыныстар бердік.

– Экономист-ғалым ретінде қаланың экономикасын көтеруге қандай идея ұсынар едіңіз?

– Идея көп. Алайда жалаң идея күнсыз. Оны жүзеге асырудың қуатты механизмдері, онтайлы шешу жолдары мен түпкі нәтиже қоса ұсынылуы тиіс. Кейде күрделі мәселенің шешімі қарапайым болуы мүмкін. Сондықтан мәселенің күрделілігіне емес, оны шешу жолдарына ден қойған абзал.

Ел экономикасын көтеру үшін алдымен ауылды көтеру шарт. Оның ішінде кәсіпкерлікті дамыту өте маңызды. Біз нарықтық

экономикада өмір сүрудеміз, жабандық көшке ілестік, шегінуге жол жоқ. Шикізаттық бағыттан арылып, уақыт талабына сай заманауи отандық өндіріс орындарын ашуға күш салу керек. Өңдеу өнеркәсібін дамыту, экономиканы әртарапандыру, отандық тауар өндірушілерді қолдау өзекті. Сайлауалды бағдарламада елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына мониторинг жүргізу, кешенді талдау жасау қажеттілігін айтқанмын. Осы мақсатта қалаға қарасты 7 ауылдық округтің жағдайын сараптаудамын. Талдау нәтижесінде әр ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына ғылыми-тәжірибелік тұрғыда негізделген нақты диагноз қойып, сауықтыру жолдарын көрсететін әдістемелік ұсыным түрінде кітапша шығарсам деймін. Ауыл

өкімдері өздеріне қарасты елді мекендердің бүкіл жағдайына қанық екеніне күмәнім жоқ, дегенмен, бұл еңбекте барлық ауылдың мәліметтері бір жүйеге топтастырылады, ауылдардың даму деңгейін салыстырмалы бағалауға ыңғайлы болады. Ауыл өкімдеріне қажетті құрал болады деп ойлаймын.

Екіншіден, қаланы көркейту үшін бір-жылдық гүлдерге қаржы бөлгенше, аяқ сумен қамтамасыз етудің жолдарын қарастырамын: ирригациялық жүйені, ирригациялық инфрақұрылымды қалпына келтіру; тамшылатып суару; ұңғыма қазу, т.б. тиімді жолдарын пайдалану орынды. Аяқ су мәселесі шешілсе, тұрғындар ары қарай тіршілігін түрлендіреді. Сонымен қатар бірқатар экологиялық, экономикалық мәселелердің шешілуіне, тіпті, нарықтағы азық-түлік бағасының тұрақталуына да ықпал етері сөзсіз.

Үшіншіден, қаланың іргесіндегі ауылдарды шаруашылық бейіміне қарай мамандандыру арқылы қуатты кластерлік жүйе құру. Мәселен, бір ауыл ет өнімдерін, екіншісі бақша өнімдерін, енді бір ауыл құс өнімдерін өндіруге басымдық берсе деймін. Әрине, ауылда бір сала ғана емес, барлық бағытта кәсіпкерлік нысандары жұмыс істей беруді, тек соның ішінде басты салаларға басымдық беріледі. Осы орайда айта кетейін, Қызылжарма ауылында кезінде құс фабрикасы жұмыс істеді. Демек, ауыл халқы осы саланы қыр-сырын толық меңгерген.

Осы саланы қайта жаңғырту аса тиімді, себебі құс өнімдері біздің өңірге сырттан

әкелінеді, бағасы қымбат. Ішкі нарықта құс өнімдерінің барлық түріне, жұмыртқаға сұраныс өте жоғары және алдағы уақытта сұраныс арта түспесе, кемейеді. Бұл нағыз қалдырсыз технологиямен жұмыс жасайтын экономикалық тұрғыдан тиімді өндіріс. Анығын айтқанда тыңайтқыштан бастап қазір санға айналған жылдам тамақ әзірлеу орындарын аса қажетті шикізатпен қамтамасыз етуге болады.

– Қай депутат болмасын, өзіне жақын саланы жайып ойлайтыны белгілі. Депутат ретінде ғылыммен айналысып жүрген жастарға, ғылымның дамуы үшін қандай шешім қабылдау қажет?

– Әлем дамуының бесінші тренді – адами капиталдың сапасын арттыру. Дамыған елдерде адами капиталға құятын инвестиция көлемі заттық капиталдан 4 есеге көп. Адами капитал сапасы білім мен ғылымға тікелей тәуелді. Озық елдердің жұмыспен қамту құрылымында заманауи өзгерістерге тез бейімделетін, дағдарыс жағдайында онтайлы шешім қабылдай алатын адамдар 25 процентті құрайды, дамушы елдерде 8-17 процент. Сол себепті жастардың креативті идеяларын, инновациялық жобаларын қолдау, олардың заманауи әлемде еңбек етуіне, білім алуына, өмір сүре алуына үйрету – міндетіміз. Қоғамда интелектуалды ұлт, үздіксіз білім алуы үнемі насихаттау қажет. Себебі ақыл империясы – болашақ империясы болмақ.

– Депутаттың қоғамдық қабылдау қалай өтуде? Жеке басының жағдайын айтып келген жанға қалай көмектесесіз? Халық пен депутаттың байланысы қалай?

– Халыққа жақын болуы үшін қабылдау форматын өзерттім. Мәслихат немесе «Nur Otan» ғимаратында ғана емес, сол ауылға өзін барып, қабылдау өткіземін. Айна бір рет өтетін қабылдауға тұрғындар көбірек келеді. Ауыл үлкендерінің ұсыныс-пікіріне зейін қоямын, тұрғындар мәселесінің шешілуіне қолдан келгенше көмектесемін. Әрине, отбасының жағдайын айтып, көмек сұрап келетіндер де бар. Оларға үнемі материалдық көмек көрсететіндей мүмкіндігім жоқ. Дегенмен әріптестер арасынан демеушілер іздеп, жәрдем жасауға тырысамын. Қабылдауға келген тұрғындарды мұқият тыңдаймын. Мен үшін әрбір адам құрметтеуге лайықты. Сонымен қатар ашықтық, жариялылық, кері байланыс принципін ұстанамын.

– 100 күнге есеп берсек. Гүлшат Мұсаеваның депутаттық жұмысын сын көзбен қалай бағалайсыз?

– Саншыл да, ақылшыл да, төреші де – халық. Дегенмен басты сыншы өзін екені сөзсіз. Әрбір саналы азамат секілді күнделікті өзіме есеп беремін. 100 күнде мардымды іс бітірдім деп айта алмаймын. Сессияда қаралған мәселелердің оң шешіміне ықпал ету, ұсыныс-пікір білдіру, қоғамдық көлік, көгаландыру, бюджеттен ауылдың инфрақұрылымына қаржы бөлу, халықпен түрлі мәселелер төңірегінде кездесулер ұйымдастыру, тұрғындардың жеке-кеден мәселесін шешу секілді мәселелер. Партияның бақылау комиссиясымен бірге әлеуметтік нысандарда мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы орта жасау, спорт алаңдарының жағдайын, сол жалауадағы көп-қабатты тұрғын үйлердің құрылыс сапасын бақылау рейдтеріне қатыстымын.

– Сіздіңше, бесенді депутат қандай?

– Халықтың үні, бұқараның тынысына, көптің көкейкесті мәселелеріне бас қалмай, ұдайы назарда ұстайтын, оның шешілуіне ықпал ететін депутат. Ел дамуының өзегі – қоғамда билік пен халық арасындағы ашық диалогтың орнауы десек, соның дәнекері бола білетін депутат.

– Бүгінде кім-кімнің жұмысының өлшемі әлеуметтік желі болған сияқты. Әлеуметтік желіге тәуелдісіз бе?

– Әр қадамды әлеуметтік желіге жүктеп, есеп беруден аулақпын. Дегенмен халықпен байланысудың бір құралы ретінде тиімді пайдалануды үйреніп жүрмін. Әлеуметтік желіге тәуелділікті жақсы үрдіс деп қабылдамаймын. Әсіресе, жастардың сөздік қорын қысқартып, тіпті сауатсыздыққа әкелуде. Кейбір жастардың желідегі жазуын көргенде қатты қыжыламын. Бұл қарапайым көрінімімен өте күрделі салдары бар көңіл аударарлық мәселе.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан  
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

## ■ ҮМІТ

Жастардың қоғамдағы белсенділігін арттыру – мемлекеттік саясаттың маңызды қадамының бірі. Әрбір қала мен ауылдағы спорттық-мәдени нысандардың бой көтеруі, түрлі шаралардың жүзеге асуы да жастардың қарым-қабілетін шыңдауға жасалған игі қадам екені сөзсіз. Осыған орай шаһар басшысы Ганибек Қазангаев «QOSYL» қалалық жастар ресурстық орталығында болып, орталықтың тыныс-тіршілігімен танысты.

## ЖАСТАРҒА АРТЫЛАР СЕНІМ МОЛ



Жалпы «QOSYL» қалалық жастар ресурстық орталығы шаһардағы жастар мен жастар ұйымдарын қолдау және олардың қызметін дамыту үшін еселі еңбек етіп келе жатқан ұжым санатында. Жиын барысында мекеме директоры Сабыржан Кеншілік атқарылған жұмыстарды кеңінен таныстырып, жастардың бастамасымен жүзеге асқан жобаларды баяндады. Сонымен қатар қала әкіміне мекеменің бірқатар қажеттілігін жеткізіп, алда тұрған жоспарларын бөлісті.

Бұл жолғы кездесуде қала басшысы жастармен еркін форматта пікір алмасып, Қызылорда жастарының жарқын болашағы үшін айтылған ұсыныс-пікірлерге қанықты. Еркін ой алмасуға мүмкіндік алған жастар да іркілмей, нақты жобалар мен алдағы бастамалар жайына кеңінен тоқталды.

– Біз елдің, бүгінгі жастардың болашағы үшін жұмыс істеудеміз. Біздің жақсы жұмыстарымызды жалғастыру – бүгінгі жастарға артылар жауапкершілік. Сондықтан жастар талап-шыл, еңбеккер, жан-жақты болу керек. Біз сіздерден әрдайым жанашырлық, креативті ұсыныс, жаңа идеялар күтеміз. Көңілден шығар бастамаларыңызды арқашан қолдауға дайынбыз, – деді қала әкімі.

Орталық жұмысына қаныққан шаһар басшысы мамандардан қала жастарын кәсіпкерлікке баулуға, жұмысшы мамандықтарды көбірек насихаттап, қажетті мамандықтарды игеруге үндеуге шақырды. Сонымен қатар дұрыс бағыт беріп, жас ұрпақтың өмірден өз орнын табуына септесу ең маңызды міндеттің бірі екенін баса айтты.

«Ақмешіт-ақпарат»

## ■ БІРЛІК

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні аясында облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен Достық үйінде дөңгелек үстел болып өтті.

## ТАТУЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ



«Достық. Береке. Бірлік – Тәуелсіздік тірегі» тақырыбында өткен тағалымы мол шараға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл, ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, жоғары оқу орындарының басшылары, көрнекті ғалымдар, қала және аудандардағы зиялы қауым өкілдері бейнебайланыс арқылы қатысты.

Шараға қатысушылар фойеде «Сыр елі суретші көзімен: кеше және бүгін» атты облыс суретшілерінің жылжымалы көрмесін тамашалады. Көрмеге Сыр өңірінің белгілі суретшілерінің туындылары қойылды.

Іс-шара модераторы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысушыларды татулық пен достықты ту еткен – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі күнімен құттықтап, дөңгелек үстел жұмысының маңызын атап өтті.

Шараға бейнебайланыс арқылы Нұр-Сұлтан қаласынан қосылған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақытбек Смағұл «Ынтымақ. Бірлік. Келісім, ең асыл бақыт ел үшін» тақырыбындағы баяндамасымен жалғастырды. Сондай-ақ ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов «Елбасы және тәуелсіздік: Татулық пен келісім жолы» тақырыбында баяндама жасады. Ал облыстық неміс этномәдени бірлестігінің белсендісі Светлана Крюгер «Бірлік пен бейбітшілік – біздің ортақ мүддесіміз» тақырыбында кеңінен баяндама жасап, ұлт бірлігі турасында тағалымды ойларымен бөлісті.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 3 курс студенті, ҚХА жанындағы «Абай қазынасына саяхат» клубының жетекшісі Елена Пак және облыстық «Қызылорданың вести» газетінің жауапты хатшысы, журналист Кирилл Денисов тұщымды ойларын ортаға салды.

Мазмұны шараны қорытындылаған Мира Жомартқызы Тәуелсіздік жылдарында дамуың қалыптасқандығына тоқталып, қазақшылтық қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінің бірлігі мен әрбір азаматтың Отанға деген сүйіспеншілігі, халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі әрдайым берік болып, бірлігіміз мәңгі жасай берсін деген тілегін білдірді.

«Ақмешіт ақпарат»



## СПОРТ

Қазақ елінің намысын қорғап, абыройын асқақтатып жүрген саңлағымыз Элизабет Тұрсынбаева өз өнерімен талайды тамсандырып келеді. Мұзды айдында мың бұрала билейтін мәнерлеп сырғанаушының есімі жанкүйерлерге жақсы таныс. Өткен аптада ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Элизабет Тұрсынбаеваның жүлдесіне арналған жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтті. Республикалық турнир 29 сәуір мен 1 мамыр аралығында «Мұз айдыны» спорт кешенінде өткізілді. Мұс үстінде мың бұрала билеген жас өрендер сайысында еліміздің әр өңірінен 250-ге жуық жеткіншек бақ сынасты. Жеңімпаздарды марапаттау сәтінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысып, жылы лебізін білдірді.

## МҰЗ ҮСТІНДЕГІ БАЛҒЫНДАР

– Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы аясында Қазақстан спортының жарық жұлдызы, Сыр елінің мақтанышы Элизабет Тұрсынбаеваның жүлдесіне арналған республикалық турнир өз мәресіне жетті. Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен ел спорты қарқынды дамып, спортшыларымыз әлемдік додаларда жоғары жетістіктерге жетіп, көк туымызды желбіретіп, әнұранымызды асқақтатып келеді. Соның ішінде Элизабетті әлемдік спорт тарихында төрт айналымдық сальховты сәтті орындаған тұңғыш мәнерлеп сырғанаушы, Қазақстан спортының тарихында осы спорт түрінен қыздар арасында әлем чемпионатында жүлде алған алғашқы спортшы ретінде бәріміз мақтан етеміз. Бүгінгі дәстүрлі шара жас ұрпақтың патриоттық сезімін арттырып, спортқа ынталандыра берері сөзсіз. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін жеңістерімен құттықтаймын! Алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындырып, жеңіс тұғырынан көріне беріңіздер! – деді облыс әкімі.

Элизабет Тұрсынбаеваның жүлдесіне арналған республикалық турнир биыл бесінші мәрте өткізіліп отыр. Аталған жарыста еліміздің он облысынан 5-18 жас аралығындағы спортшылардан 10 команда жасакталды. Мәнерлеп сырғанаушылар қысқа және еркін бағдарламалар бойынша бақ сынады.

Турнирде қызылордалық Темірлан Якияев облыс құрамасының қоржынына алтын медаль салды. Ол 1 спорттық разряд бойынша 2011-2012 жылдары туған спортшылар арасында өнер көрсетіп, жеңістің биік тұғырына көтерілді. Бес жасында мәнерлеп сырғанау спортына келген балғын бұған дейін республикалық, халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы және жүлдегері атанған.

Турнирге бекзат өнердің биігіне айналған Элизабет Тұрсынбаеваның өзі қатысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттады. Тартысты турнирдің тағылымды тұсы да аз болған жоқ. Әлем чемпионатында төрт айналымдық сальхов жасап, дүние жүзінен келген жанкүйерлердің оң бағасына ие болған Элизабет Тұрсынбаеваны дүбірлі доғаға қатысушы балғындар асыға күтті. Мұз ханшаймы әсемдікпен астақан сүйікті қойлымдарының бірін мүдірмей билеп шықты.

Жалпы облыста қысқы спорт түрлері топтары 2013 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қысқы спорт түрлеріне талпынған жастардың қатары артуда. Бүгінде жеткіншек балалар сол сайыс түрлерінің қыр-сырына қанығып жүр.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ



## ҚАЛТАЙ КІТАПХАНАСЫ

«...Бұл өлке – сүйелер елі, өзінің замандастарым Әбділда мен Асқарды, Қалтай мен Әбдіжәміді, Зейнолланы дүниеге әкелген жер».

Ә.Нұршайқов

Атақты драматург-жазушы, аудармашы, сыншы, қоғам қайраткері Қалтай Мұхамеджанов шын мәнінде халықтық ұғым мен танымын биігіне көтерілген суреткер. Ол өзінің ұлт пен ұрпақтар қажетіне қызмет етер өмірінде туындыларында адам ойы мен санасының қиял жете бермес катпарларын, мәңгілік сипаттарын қалай шебер өрнектесе, оқырман көрермені де өз көкірегінде жазушы тұлғасын дәл солай сомдағаны аян. Соның арқасында драматург есімі әлемнің түкпір-түкпірін еркін шарлап, пьесалары көптеген тілге аударылып, ондаған әлем театрларында қойылды. Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналды.

2015 жылдың мамыр айында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында жазушының жеке кітап қорымен жасакталған «Қ.Мұхамеджанов залы» ашылды. Кітапханада жазушының 8 мыңға жуық кітап қорынан бөтен қолжазбалары, суреттері, жазушыға тарту етілген сыйлықтары бар.

Кітапхана қызметкерлері қаламгердің өмірін, сан-салалы шығармашылығын, кітапханасын насихаттау мақсатында түрлі жұмыстар атқарып келеді.

Жазушы драматургиясының шыңы саналатын «Көктөбедегі кездесу» шығармасындағы: «...Мәңгі талас, мәңгі дау, Қайткенде адам қалады адам болып?» – деген сұрағына оқырмандармен қызу талас үстінде, шығарманы талдай отырып, жауап іздеді. Ал драматургтың кезінде көп дау, талас туғызған тырнақалды «Бөліткік бөрік астында» пьесасы біздің оқырмандардың, әсересе студент жастардың ерекше қызығушылығын туғызды. «Улағат» колледжінің студенттері бар өнерлерін салып, пьесадағы өздеріндей жастардың өмірін шынайы сомдап көрсете білді.

Қанатты сөздердің түр энциклопедиясы атанған Қ.Мұхамеджанов қоғамда болып жатқан күрделі өзгерістерді бір ауыз әзілмен түсінікті жеткізе алған. Қаламгердің сөзден кесте тоқып, қалжыңнан қамал тұрғызғандай осы бір қырын қамтитын «Кестелі сөз кемегері»,

«Қалтай қалжыңдары» атты әдеби кештер өткізілді.

Сонымен қатар Қ.Мұхамеджанов аударма саласында да ауқымды еңбек еткені көпшілікке етене таныс. С.Айни, Абдолла Қаһар, Ш.Айтматов, Айбек, Алексей Каплер, Әзіз Несин, Яшар Кемал, Отар Иоселианидің, А.Вампилов сияқты көптеген танымал жазушылардың шығармаларын орыс, тәжік, өзбек, грузин, түрік тілдерінен ана тілімізге аударған. Бір «Мың бір түннің» өзін аудару үлкен өнер мен білімдарлықты талап ететін дүние. Кітапханада «Мың бір түн»



дері, Ш.Айтматовтың «Жәміл», «Шыңғысханның ақ бұлтты» повестері, Ә.Нұршайқовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романы сияқты үздік шығармалар мен Мюнхендегі «Азаттық» радиосында



кітабын насихаттау барысында оқырмандар Римский-Корсаковтың «Шехерезада» симфониялық шығармасының әуенімен шығыс ертегілеріне саяхат жасады. Зерделі оқырман шығарманың тек ертегі ғана емес, сонымен бірге халық ауыз әдебиетінің үздік үлгісі екенін білді және ертедегі шығыс халықтарының тұрмысы, әдет-ғұрпы, салт-санасымен танысты.

Жыл сайын оқырмандарды «Қалтай кітапханасындағы» бай кітап қорымен таныстыру, оны насихаттау мақсатында «Қалтай оқыған кітаптар» атты әдеби кештер өткізіліп тұрады. Оқырмандардың назарына Абайдың өлеңдері, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлан» романы, Қ.Жүмаділовтің «Көксейкесті», «Сонғы қош», «Таңғажайып дүние» романдары, М.Шахановтың өлең-

қызмет істеген қазақ қайраткері Хасан Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір» атты кітабы ұсынылып, талқыланды.

Қалтай кітапханасында білімнің барлық саласы бойынша әдебиеттер және көркем шығармалар бар. Қалтай Мұхамеджанов діни сауатты, исламның барлық шарттары мен қағидаларын өте жақсы білетін адам болған. Осыған орай оның кітапханасында Алла тағала жайында, жаратылыс жайында мағлұмат алуға болатын кітаптар мен христиан, буддизм, иудаизм және тағы басқа діндер туралы әдебиеттердің орны ерекше. Құран кітабының өзінің түрлі аудармалары 16 данасы бар.

Сонымен қатар, кітапхана қорында В.Панованың аудармасындағы «Мұхамед пайғамбардың өмірі», Б.Сағындықұлының «Ғаламның

ғажайып сырлары», М.Қожахметованың «Адам-құпия» атты кітаптары және ескі басылмадағы Е.А.Беляевтің «Арабы, ислам и арабский халифат в раннее средневековье», Б.А.Рыбаковтың «Язычество древних славян», С.Г.Фрутаунның аудармасындағы «Агада. Сказания, притчи, изречения талмуда и мидрашей», Р.М.Бектін «Космическое сознание», Прентис Миольфордтың «К жизни. На заре бессмертия» атты және т.б көптеген қызықты танымдық кітаптары бар. Кітапханада тарих, этнография, әдебиеттану, философия, өнер, соның ішінде театр өнері туралы табыла бермейтін ақпараттар алуға болатын басылмалардың өзін жеке-жеке тақырып етуге болады.

«Қалтай кітапханасында» жазушының драматургиясы, публицистикасы, аудармалары, сыни мақалалары мен жеке кітапханасындағы әдебиеттерді насихаттау мақсатында «Қ.Мұхамеджанов – қазақ драматургиясының алыбы» атты жоба жасалып, қазіргі жағдайға байланысты онлайн режимінде жүзеге асырылды. Ақпан айында оның «Құдағи келінгі» атты пьесасы Н.Бекежанов театры сахнасында қойылды. Кітапханада жазушы туралы түсірілген режиссер Александр Голонскийдің «Скажи мне, кто твой друг...» атты фильмі көрсетілді. Жақында кітапханаға «Атамұра» баспасынан шыққан Оспан Сейфолла Міркемелұлының жазушының өмірі мен еңбегі жайлы естеліктері мен әзіл-қалжыңдарынан тұратын «Қалтайдың қалжыңдары» атты кітабының жаңа басылымы түсті.

Жаңа заманның заңғар жазушысы Қалтай ағадай алып тұрғаны дүниеден озғанына да жырима асты толды. Өзі келмесе кеткенмен астарлы ойларынан туындаған пьесалары мен өзекті мәселелерге жазылған өткір басқа да туындылары арада күндер өтіп, жылдар жылжыған сайын көкейкестілігін жоймақ емес.

«Жақсының аты өлмейді, ғаламның хаты өлмейді» дейді халық даналығы. Расында, Қ.Мұхамеджановтың атын да, хатын да халқымыз ұмытпайды және ұмыттырмайды.

Айгүл САИМБЕТОВА  
Ә.Тәжібаев атындағы  
облыстық әмбебап ғылыми  
кітапханасының қызметкері

## ТӘЛІМ

## Көптің тілегі қабыл болады



Қазақ ұғымында қонақ келгенде қолға су құю дәстүрі қалыптасқан. Көбінесе бұл дәстүрді үйдің кенжесі немесе жасы кіші ұл атқарады. Наным-сенімге сүйенсек, қонақтың қолына су құю, қызмет көрсету, бата-тілегін алу бәле-жаладан сақтап, болашақ мақсат-мұратқа жетуге, ұзақ жасауға септеседі. Содан болар, аталған міндет жасы күлшеге жүктелген. Оған қоса бұл әрекет үлкенге құрмет көрсетудің озық үлгісі саналады.

Ауылға немесе жиын-тойға бара қалсаңыз бір қолға құман, бір қолға шылпанып, мойыңа сүлгі асыған балаларды көп көреміз. Олар қолға су құюдың өзіндік тәртібін де меңгерген. Оң жақтан бастап құю, бір қолмен шүмегін ұстап тұру, үзіп-үзіп үш рет құю секілді қағидалары тағы бар. Осының бәрінде өзіндік мән жасырулы екені анық. Мысалы, суды үзіп құю себебін алайық. Әдетте, қайтқан кісінің денесін жуындрып, мейрам суын құйған кезде ғана оқуадағы су таусылғанша үзбей құяды екен. Міне, бұл – дін мен дәстүрдің қабыққан тұсы.

Қолға су құйып болған соң қариялар балаға бата-тілегін арнап, «Молда бол!», «Үлкен жігіт бол!», «Көп жаса!», «Қатарыңның алды бол!» деп алғысын білдіреді. Мұндай тілек тек қызметтің қарымтасы емес, ескіден келе жатқан жөн-жоралғы. Себебі қолға су құйып, қызмет істеген балаға бата берудің үлкен мәні бар.

Осы орайда қолға су құю Сүлеймен пайғамбардан қалғаны туралы аңыз-әңгімені тарқата кеткен жөн секілді. Дәуіт пайғамбар отыз ұлынан айрылған соң қайғыдан қан жұтады. Ұлық Алла оны жұбату үшін оған тағы бір ұл сыйлайды. Дәуіт ұлды болардың қарсаңында Жебірейіл періште уахи әкеледі.

– Әй, Дәуіт! Ұлық Алла саған бір ұл нәсіп етеді. Бірақ шарты сол: ол баланың қызығын тоғыз жыл ғана көресің. Осыған ризасың ба? – дейді. Дәуіт іштей қыңжылса да: «Жаппар иемнің өміріне не қылса да, ризамын», – деп келіседі. Көп ұзамай Дәуіт ұлды болып, есімін Сүлеймен қояды.

Дәуіт патша болғандықтан, оның сарайына күн сайын жүздеген адам қонаққа келеді екен. Сол кезде жеті жасы Сүлейменді бір қолына құман, бір қолына сүлгі ұстатып, сарайдың алдында қызметке қояды. Бала күні бойы кірген-шыққан қонақтардың қолына су құйып, алғысын алады. Оның адал қызметіне риза болған қонақтар:

- Ғұмыр жасың ұзақ болсын!
- Құдайдың сүйікті құлы бол!
- Басыңнан бақ, астыңнан тақ кетпесін!
- Әділ патша бол!
- Екі дүниенің сырын біл!
- Дұшпаныңа қатп, досыңа адал бол!
- Ғалым бол! – деп, тоқсан тоғыз түрлі тілек айтып, бата береді екен. Арада он бес жыл өтеді. Сүлейменнің бұғанасы бекіп, қабырғасы қатайып, ойы да, бойы да өсіп, азамат болып ер жетеді.

Бір күні Дәуіт Ұлық Аллага:

- Уа, Алла, маған ұлының қызығын тоғыз жыл ғана көресің деп едің. Бұл не хикмет? – деп сұрайды. Ұлық Алла:
- Рас айтасын. Сүлейменнің пешенесіне тоғыз жылдық ғұмыр жаздым. Бірақ зерек ұлық қонаққа қызмет етуден шаршамады. Ақсақалдардың батасын алуға құмар болды. Күн сайын адамдар оған менің 99 есімді айтып, шын жүректен алғыс жаудырып, батасын берді. Көптің алғысымен оның ғұмыр жасы ұзарды. Менің бір есімім – Халық. Халықтың тілегін қабыл етуеу ұлықтығыма сын болар. Бүгіннен бастап Сүлейменге 99 түрлі мұжиза берем. Жердегі бүкіл тау-тас, аң-құс, он сегіз жыл ғаламға патша қыламын, – деді. Содан бастап Сүлейменге дарымаған керемет қалмапты деседі.

Осылайша бүгінге дейін «Сүлеймен де су құйған», «Су иесі Сүлеймен» деген ұғым ел арасында кеңінен айтылады. Қазір де қазақ халқы үйге қонақ келгенде жас баласының қолына құман мен сүлгі беріп: «Үлкен кісілердің батасын алу», – деп су құйғызды. «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» деген тәмсілдің төркіні осы болса керек.

Дайындаған Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

Газеттің келесі саны 7 мамыр, жұма күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, жауапты редакторының өкілетті екендігін ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 4843 Тапсырыс №639

Немірді кезекші редакторы Еркін ШАМШАДИН